

Әуезов мұрасының өткені мен бүгіні...

М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Мұхтартану» ғылыми орталығында қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің дүниеге келгеніне 124 жыл толуына орай «М.Әуезов мұрасы және бүгінгі руханият әлемі» атты халықаралық «дөңгелек үстел» мәжілісі өтті. Аталған жиынды филология ғылымдарының докторы, профессор, «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар» ғылыми-зерттеу институтының директоры Сандыбай Боранбаев жүргізіп отырды. Келелі жиынның негізгі мақсаты – Мұхтар Әуезовтің ғылыми мұрасын ХХІ ғасыр өркениеті негізінде зерттеп, зерделеу. Өткен жүзжылдықтың жарық жұлдызына айналған даңқты тұлғаның беймәлім дүниелерін тарихи-салыстырмалы түрде қарастыру.



«Дөңгелек үстел» мәжілісінде жазушы қаламынан туған «Абай жолы» роман-эпопеясы, «Қилы заман», «Қараш-қараш оқиғасы», «Хан Көне» пьесасы, публицистикалық еңбектері, сондай-ақ, әдебиеттану саласындағы «Қазақ әдебиеті тарихы», «Манас», «Абай Құнанбаев» монографияларының бүгінгі күн тұрғысынан саралануы, насихатталуы, «Мұхтартану» ғылымының өткені мен бүгіні жан-жақты еңгіме болды. Жиында аталмыш университеттің басқарма төрағасы – ректор, тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик Дария Қожамжарова баяндама жасады.

– Бүгін – қазақ әдебиеті үшін ең айтулы күннің бірі. Себебі, бүгін бүкіл қазақ әдебиетін жалпақ әлемге танытқан теңдессіз сөз зергері, терең тамырлы ойшыл, қазақ халқын жанындай жақсы көрген ұлы жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің жарық дүние есігін ашқан күні. М.Әуезов – Ұлы Абайдың жарқын бейнесін өзінің «Абай жолы» роман-эпопеясы арқылы өшпестей етіп уақыт жадына жазып кетті. Сонымен бірге, Мұхаң Абайтану ғылымының іргетасын тозбастай өтіп қалады. Соның арқасында қазір Абайтану, Мұхтартану атты ғылым салалары бүгінгі қазақ әдебиеті мен әдебиеттанудың шамшырағы іспеттес

зор рухани-мәдени локомотивке айналып отыр. Біз өз университетіміздің М.Әуезов есімін иеленгенін мақтан тұтамыз. Сондай-ақ, құр мақтаныш тұтпай, осы ұлы есімге сай университеттің де әлемдік деңгейде болуы үшін жұмыс істейміз. Бүгін біздің университетте «М.Әуезов мұрасы және бүгінгі руханият әлемі» атты халықаралық ғылыми басқосу өтіп жатыр. Сіздер мен біздің Мұхтар Әуезов құрметіне арнап өткізіп жатқан ғылыми іс-шараларымыздың табысты өтуіне шын жүректен тілектеспін! – деді Дария Пернешқызы.

Атап өту қажет, М.Әуезов атындағы ОҚУ Еуропалық ғылыми-өндірістік палатасы өткізетін «Әлемдік университеттердің академиялық рейтингі – Еуропалық стандарт (ARES)» халықаралық рейтингінің ең жоғары санатына еніп, А және А+ категориясын еншілеген. Ал, өткен жылы «QS World University Rankings-2020» әлем университеттері рейтингісі бойынша ТОП-500 үздік университеттер арасындағы позициясын сақтап қалып, Қазақстан университеттерінің арасында 5-орыннан 3-орынға жоғарылады.

Бүгінде университеттегі «Мұхтартану» ғылыми орталығы да ілкімді ғылыми ізденістер жасап келеді. Мәселен, осы орталық қызметкерлері ұлы Абайдың еңбектерін қай-

тадан түпнұсқадан қарап, ақынның «Китаб тасдиқ» атты еңбегін тұңғыш рет шағатай тіліне транскрипциялап шыққан. Сондай-ақ, келер жылғы М.Әуезовтің 125 жылдығына орай «Мұхтартану» орталығы «М.Әуезовтің Оңтүстікке сапары» атты естеліктер жинағын дайындау үстінде. Бұл ғылыми жинақта Мұхтартану ғылымына тың серпін беретін көптеген деректер мен тұжырымдар болады.

Айта кетейік, бұл жиынға алыс-жақын шетелдерден ат терлетіп келген бірқатар ғалымдар қатысты. Олардың арасында Армения Республикасы Ұлттық Ғылымдар Академиясы, Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Тигран Микаелян, Бішкек мемлекеттік университетінен филология ғылымдарының докторы, профессор Ташполат Садықов, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Өзбекстан Жазушылар одағының мүшесі Қалдыбек Сейданов сынды зерттеушілер бар.

Бақыт ТАСПОЛАТОВ,
ф.ғ.к., доцент,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың
«Қазақ тілі мен әдебиеті»
кафедрасының меңгерушісі.